

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# БІЗ КӨШКЕ ІЛЕСЕТІН ЕМЕС, КӨШТІ БАСТАЙТЫН ЕЛДЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА БОЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№23  
(1726)  
6 MAУCЫM  
2024 жыл  
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

## МӘНГІ АҢЫЗ-ҒҰМЫРЫ БАСТАЛДЫ...

Сыр халқы бүгін ауыр қазаға душар болды. «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, «Ерен еңбегі үшін» және бірнеше медальдардың иегері, Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының Құрметті депутаты, Қызылорда облысының, Сырдария ауданының Құрметті азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері **Алмагүл Божанова** қайтпас сапарға аттанды.

Алмагүл Божанова 1946 жылы 14 наурызда Тереңөзек ауданы Қызылөзек ауылында дүниеге келген. Елді мекеніндегі №132 орталау мектебінде білім алып, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесін және Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. 1964-1972 жылдары Тереңөзек ауданындағы Шаған ауылында балабақшаның меңгерушісі, Бесөзек ауылындағы мектепте мұғалім болып істеді. 1972-1977 жылдары аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1977-1983 жылдары А.Тоқмағанбетов ауылында мектеп директоры болды. 1983-1992 жылдары аудандық партия комитетінің хатшысы, халық депутаттары Тереңөзек ауданы Кеңесі атқару комитетінің орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарды. 1992-1999 жылдары Тереңөзек ауданының әкімі болып, аудан дамуына еңбек сіңірді. 1999 және 2003 жылы облыстық Мәслихаттың депутаты, хатшысы болып сайланды.

Тағылымды тағдыр иесі өңірдегі бекем бірлік пен тату бірлікті қамтамасыз ету, аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар беру бағытындағы жұмыстардың барлығының басы-қасынан табылып, жергілікті атқарушы билікке көп қолдау

көрсетті. Өмірлік мол тәжірибесі, ақыл-кеңесі жергілікті биліктің жұмысының алға жылжуына тікелей әсер етті. Ардақты жан өзінің ақыл-парасатымен, білімімен, қайраткерлік қарым-қабілетімен абырой биігіне көтерілді.

Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі ретінде көптеген мақалалары республикалық, облыстық, аудандық басылым беттерінде жарияланды. «Ердің бағын жандырған Ер Балдырған», «Сыр елім - Жерұйығым», «Сенім жүгі», «Аңыз, абыз адам», «Құдірет пен қасиет», «Көпір», «Сырым мен шыным», «Ғасыр үні», «Ел ардақтылары» атты кітаптары жарық көрді.

Өмірінің соңына дейін қоғамдық іс-шаралардың ортасында жүріп, Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің жұмысын жүргізді. Аймақта тағылымды, тәрбиелі іс-шараларды ұйымдастырып, сол арқылы ұлттық құндылықтарды дөрілдеуге ерекше еңбек сіңірді.

Артына өшпес із қалдырған Алмагүл Божанованың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Ағайын-туыстарының орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**Сырдария ауданының әкімі, аудандық мәслихат, «AMANAT» партиясының аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңес**



Бір құрбымның ғұмырымен бірге бір дәуір көшкендей хелде отырмын. Алмагүл-ғұмыр таусылып, оның мәңгі аңыз-ғұмыры басталды. Ой, жалған-ай! Кеше ғана еді ғой телефон шалып мені қасына шақырып алғаны... "Қатира, бүгін түсте үйге кел, ешқандай сылтау айтушы болма, қалайда келетін бол!" деді. Бардым. Кешке дейін әдемі өңгіме-дүкен құрысып отырдық, өткенді де, бүгінгіні де қалдырған жоқпыз. Алға қойған біраз жоспарлары бар екен, өмір сүруге деген құлшынысы айрықша байқалып тұрды. Көңіл-күйі де әдеттегіден жоғары еді, саңқылдаған дауысымен мені де өзімен ілестіре едәуір көтеріп тастады. Алты айға жуық ауыр науқаспен арпалысқан Алекаш ешкімді мазаламай, арыстан-миезімен өтті өмірден. Кешегі кеуеуіне сырласуымыз оның соңғы бой жазуы екенін қайдан білейін? Бақұл болыңыз, сырдың жолбарыс жүректі қайсар қызы! Алдыңыз жарық, топырағыңыз мамық болсын!!!

**Қатира ЖӘЛЕНОВА**

## КӨШБАСШЫ АЙМАҚ

Қызылорда облысының биылғы бюджеті 678 млрд. тенгеге жетті. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда. Инфрақұрылымды дамытуға 45 млрд. 200 млн. тенге бөлінді. Оның ішінде, тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтуға 11 млрд.тенге, жылу қазандықтарын жөндеуге 4,8 млрд.тенге, ауыз сумен

аурухананың құрылысы қарқын алған.

Қан орталығы жақында пайдалануға берілді. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салынуда. Өткен жылы елді мекендерде 15 жана дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Биыл 11 амбулатория және 1 ауылдық аурухана, Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында көпбейінді ауруханалар жанынан қосымша

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асу барысы талқыланды. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының қорытындысы шығарылып, алда атқарылатын істердің ауқымы белгіленді. Жиынға өңірдегі ірі құрылыс компанияларының басшылары қатысты. Аймақ басшысы өңірдегі құрылысы жүргізілетін нысандардың сапасына ерекше назар аударуды тапсырды.

– «Жайлы мектеп» – Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан және тікелей өз бақылауындағы ұлттық жоба. Оны уақытылы, әрі сапалы орындау – аса маңызды мәселе. Барлық жұмыстар мерзімінде аяқталуы тиіс. Біз өз тарапымыздан мердігер мекемелерге қолдау көрсетуге дайынбыз, бірақ жұмыс жоғары деңгейде орындалуы керек», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақ басшысы елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына тоқталып, қала, аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма жүктеді. Жуырда елімізде өткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына өңір еріктілері, бюджет саласы мен кәсіпорындар қызметкерлері белсенді қатысты. Іс-шара барысында қорық қалдықтары шығарылып, скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік, өнеркәсіп және бизнес нысандары, өзен-көлдер мен арықтар, ауалар мен көшелердің бойы тазартылды. Бұл жұмыстар жалғасын тауып, елді мекендердің тазалығы мен тартымды сыртқы келбетін күнделікті қадағалау қажет.

құрылыстар салынады. Қызылорда қаласында халықаралық стандарттарға сәйкес жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Сырдарияның сол жағалауында үстел теннисі орталығының, орталық стадионның құрылысы басталды.

«ҚазГөрМұнай» компаниясының демалушылығымен 2 млрд. 350 млн. тенгеге 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының құрылысы жүргізілуде. «Саутс Ойл» компаниясының демалушылығымен 650 орындық заманауи үлгідегі жаңа музыкалық колледж ғимаратының құрылысы басталды. Барлық ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтары салынуда. «Жыраулар үйі» пайдалануға берілді. Сол жағалаудан жаңа өлкетану музейі бой көтереді. Орталық алаң демеушілер есебінен жөндеуден өтуде. Нысан жақын күндері халық игілігіне табысталады.

Бүгінде 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы қарқынды жүргізілуде. Облыс орталығында «Шығармашылық академиясы», екі ауданда Оқушылар үйі мен Өнер мектептері салынуда. Қызылорда қаласында 36 млрд. 400 млн.тенгеге 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді

## КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

Қызылорда қаласындағы Мемлекеттік рәміздер алаңында Мемлекеттік Рәміздер күніне орай салтанатты шара өтті.

Шара барысында Тәуелсіз Қазақстанның және аймақтың дамуына үлес қосқан сырбойлықтар марапатталды. Шара концерттік бағдарламамен, автошерумен жалғасты.

Мерекеге орай облыстағы ірі сауда орталықтарында, халық көп жиналатын орындарда, теле-радио арналарда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда және бюджеттік мекемелерде Мемлекеттік Гимн бір мезгілде орындалды.

Қала және аудандарда ғимарат терезелеріне, балкондарда Мемлекеттік Ту ілінетін «Туымыз - төрімізде» флэшмобы ұйымдастырылуда.

Әлеуметтік желілерде «Менің туым – менің мақтанышым!» челленджі іске қосылды. Өңірде Елтаңба авторларының бірі, жерлесіміз, танымал сәулетші Жандарбек Мәлібековтің, Мемлекеттік Тудың авторы, суретші Шақен Ниязбековтің еңбектерін насихаттауға арналған іс-шаралар кең көлемде өткізілуде. Жазғы балалар лагерлерінде «Отанды сүйу-жүректен» атты патриоттық шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен бірге, барлық елді мекендердегі «ҚР Рәміздері аллеялары» мен «ҚР Рәміздері алаңдарында» тұрғындардың, жастар мен волонтерлердің қатысуымен шаралар өтті.

• Қазір – ғылым мен білімнің заманы. Отанымызды көркейтеміз десек, ең алдымен, осы екі саланы дамытуымыз керек. Бұдан басқа жол жоқ. Шикізатқа арқа сүйеп отырған ел алысқа бармайды. Бізге ғалымдар, инженерлер, өнертапқыштар қажет. Мамандарымыз өлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай білімді, білікті болуы керек.

• Біз көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр.

• Ғылымды басқару жүйесін жетілдіру керек. Ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де маңызды. Сондықтан Заңда ғылыми қауымдастықтың мүддесі барынша ескерілетін болады.

• Кезінде Шоқан, Абай, Әлихан, Ахмет, Қаныш сияқты арыстарымыз зиялылығымен талайды таңғалдырған. Өзге жұрттың қазақ туралы пікірі осындай тұлғаларымыз арқылы қалыптасқан.

• Өлемдегі Google, Microsoft, Apple сияқты көптеген технологиялық алпауыттардың негізін студенттер қалаған. Біздің елімізде де талантты командалар пайда болады және олар жаһандық нарықта көш бастайтын IT-компаниялар құрады деп сенемін. Өз мүмкіндігімізді мүлт жібермей, өлемдік технологиялық бәсекедегі позициямызды нықтай түсу қажет.

• Суперкомпьютер жасауға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр. Мемлекеттік органдармен қатар, ғылыми қауымдастық пен бизнес те оның игілігін көретін болады.

• Таяу болашақта еліміз электр энергиясының тапшылығын айтарлықтай сезінуі мүмкін. Аталған мәселе жағдайды ушықтыра түседі.

• Кейбір болжамдар бойынша нақты шешімдер қабылданбаса, 2030 жылға қарай энергия қуатының тапшылығы алты гигаватқа жетеді. Бұл экономикамыздың даму қарқынын едәуір бәсеңдетіп, тұрғын үй-коммуналдық саласын дағдарысқа әкел соқтырады. Ол халқымыздың тұрмысына кері әсер етеді.

• Проблеманы шешудің бір жолы атом энергетикасы болуы мүмкін. Энергетикалық сектор өкілдері осы амалды бір ауыздан қолдайды. Қазақстан табиғи уран өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орында. Біз ядролық отынның компоненттерін өз елімізде өндіреміз. Бұл – бәсекелестіктегі біздің басты артықшылығымыз. Оны пайдалана білуіміз қажет. Аталған мәселені қоғамда және кәсіби ортада кең ауқымда әрі жан-жақты талқылау керек. Бірақ популизм мен дау-дамайға жол беруге болмайды.

• Ғылыми қоғамдастық бұған қомақты үлес қосып, объективті және прагматикалық қағидаттарға негізделген салмақты пікір айтады деп ойлаймын. Ядролық энергетиканы құруға қатысты соңғы шешімді халық жалпыұлттық референдум арқылы қабылдайды.

• Ауыл шаруашылығындағы барлық мүмкіндікті іске асыру мақсатында еңбек өнімділігін едәуір арттыру қажет. Сондықтан аграрлық ғылымды дамытудың, агроөнеркәсіп кешеніне заманауи технологияларды енгізудің мәні зор. Ғалымдарымыз малдың тұқымын асылдандырумен айналысып, климатымызға бейімделген, мол өнім беретін әрі қуаңшылыққа төзімді өсімдік сұрыптарын шығарып жатыр. Бұл жұмысты барынша күшейту қажет.

• Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында жол салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстарды бастауды тапсырдым. Ол кемінде 12 мың шақырым автожолды қамтиды. Автожолдар – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің күре тамыры. Негізгі қалаларымыз бен аймақтарымыздың арасын сапалы жолдармен жалғау маңызды. Тағы да қайталап айтамын – сапалы жолдармен. Ашығын айтсақ, жолдардың сапасы сын көтермейді әрі бұл мәселе жиі көтеріледі. Жол сапасының нашарлығына қатысты халықтың наразылығы орынды. Оның себебі көп. Ең бастысы, саланы жемқорлық жайлаған.

• Үкімет пен Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне жол құрылысындағы сыйбалас жемқорлықты жою жөнінде тапсырма берілді. Мемлекет бөлетін қаржының барлығы талан-таражға түспей, тек қана құрылысқа жұмсалып керек. Бұл – қазір басты міндет. Мәселен, Қызылорда – Жезқазған автожолы жолын қайта жаңғырту жұмысы бірқатар аймақтың, оның ішінде, жаңадан құрылған Ұлытау облысының дамуына тиіс серпін беруі керек еді. Бірақ жөндеу жұмыстары өте нашар жүргізілген. Халық ондаған жылдан бері жолдың жақсарғанын күтіп отыр.

• Біздің қалаларымыз, тіпті ауылдарымыз да smart стандартына сай болуы керек. Бұл – Үкімет пен өкімдер басымдық беруге тиіс бағыттардың бірі. Бірақ осы жұмыспен облыс басшыларының ешқайсысы білек сыбанып айналыспайды. Сондықтан нәтиже жоқ.

• Су шаруашылығын білікті кадрлармен қамтамасыз ету – өткір мәселенің бірі. Бұған дейін Тараздағы Қазақ гидромелиоративтік-құрылыс институтын қалпына келтіруге тапсырған болатынмын. Бізге су шаруашылығының, гидромелиоративтік және экологиялық тұрақтылықтың қазіргі мәселелерін шешуге қабілетті мамандар дайындайтын, осы саладағы ғылыми базаны нығайтатын жоғары оқу орны қажет. Бұл бағыттағы жұмыстарды жеделдетуді тапсырамын.

• Жалпы, табиғат апаттарын бақылау, бағалау және болжау, сондай-ақ табиғи ресурстарды сақтау және ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерді күшейту керек. Сарапшылардың айтуынша, кейінгі онжылдықтарда табиғат апаттарының саны айтарлықтай өскен. БҰҰ болжамы бойынша алдағы онжылдықтың басында әлемде жылына 560-қа жуық табиғат апаты болады. Осы орайда ғалымдар ауа райы құбылуының терттен үш бөлігін климаттың өзгеруімен байланыстырады. Мұның бәрі экономиканың дамуына, халықтың денсаулығы мен өлу-ауқатына орасан зор кері әсерін тигізіп жатыр. Сондықтан қазір өлемдік қауымдастық климаттың өзгеруімен күреске баса назар аударып отыр. Бұл іске Қазақстанның Алматыда Орталық Азия елдерінің климат және «жасыл» энергетика мәселелері жөніндегі жобалық кеңсесін ашу туралы бастамасы айтарлықтай үлес қоса алады.

• Уақыт өткен сайын сезіліп келе жатқан су тапшылығы проблемасы біздің өңіріміз үшін өте өзекті болып отыр. Су – негізгі тіршілік көзі. Оған экономикалық даму, ауыл шаруашылығы және адамдардың тұрмыс сапасы тікелей байланысты. Сондықтан су ресурстарын үнемдеу, ұтымды пайдалану және саланы басқару тиімділігін арттыруға қатысты жүйелі ғылыми жұмыстарды қолға алу керек.

• «Таза Қазақстан» акциясы аймақтарда қалай жүріп жатқанын мен мұқият қадағалап отырамын. Мұны, ең алдымен, өкімдерден талап етемін. Бәрін өкімге жүктеп, қарап отыруға да болмайды.

• Әлеуметтік желі балалардың мінез-құлқына кері әсер етіп жатқаны сөзсіз. Бірақ бәрін әлеуметтік желіге жаба салуға болмайды.

• Білім беру жүйесінде кемшіліктер көп. Отбасы тәрбиесінде де олқылық бар. Әрбір ата-ана баласына дұрыс тәлім-тәрбие беруі қажет. Үлкендер өзінің күнделікті іс-әрекетімен балаларға үлгі болуы керек.

• Ана ұлтты тәрбиелейді. Әйелді құрметтей білетін қоғам, шын мәнінде, өркеніетті, мәдениетті қоғам болмақ.

• Мен еңбек адамының мәртебесін көтеру туралы үнемі айтып жүрмін. Өткен бес жылдың ішінде бұл бағытта көп шаруа атқарылды. Тиісті заңдарға өзгерістер енгізілді. Жалақы көтерілді. Басқа да әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынды. Мемлекеттік марапаттар нағыз еңбек адамына тапсырылып жатыр. Осындай нақты жұмыстары нәтижесінде түрлі мамандық иелерінің беделі арта түсті. Мамандықтың жаманы жоқ. Еліміз үшін барлық кәсіп иелері қажет. Өз ісінің хас шебері атанған адам міндетті түрде табысқа жетеді. Түптеп келгенде, бұл – қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті жаппай дөрілдеу деген сөз. Бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін қоғамда осы құндылықтар орнығуы қажет.

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Ғылым ордасында сөйлеген сөзі**



Постановление акимата города Кызылорда №841 от 28 мая 2024 года

## О НАЧАЛЕ ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ОТЧУЖДЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ИЛИ ИНОГО НЕДВИЖИМОГО ИМУЩЕСТВА В СВЯЗИ С ИЗЪЯТИЕМ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Кызылординской области» № 04-03/734 от 18 апреля 2023 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельных участков для государственных нужд в связи с изъятием для автостоянки к строительству стадиона у собственников земельных участков или землепользователей, расположенные на Левом берегу реки Сырдария города Кызылорда, общей площадью 12000,0 (двенадцать тысяч) квадратных метров, согласно приложению к настоящему постановлению.
- Датой принудительного отчуждения определить 30 августа 2024 года.
- Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течение трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

С. КОЖАНИЯЗОВ

Приложение к постановлению акимата города Кызылорда от « 28 » мая 2024 года № 841

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника или землепользователя	Площадь, квадратный метр	Целевое назначение	Вид права
1	10-156-086-197	Таласова Ляззат Калымбековна Ибраев Еркін Гажденбекович	2000,0	для строительства многоквартирного жилого дома	частная собственность
2	10-156-086-217	ТОО «Интегрострой»	1000,0	для строительства многоквартирного жилого дома	частная собственность
3	10-156-086-216	ТОО «Интегрострой»	1000,0	для строительства многоквартирного жилого дома	частная собственность
4	10-156-086-190	Таласова Ляззат Калымбековна Ибраев Еркін Гажденбекович	2000,0	для строительства многоквартирного жилого дома	частная собственность
5	10-156-086-137	Ибраева Пернекул Алжановна	1000,0	для строительства и обслуживания здания	временное пользование
6	10-156-086-143	Жеткергенова Карлыга	1000,0	для строительства и обслуживания здания	частная собственность
7	10-156-086-587	Акжолов Бауыржан Алмасович	4000,0	для строительства спортивного комплекса	временное пользование
<b>Всего</b>			<b>12000,0</b>		

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Адам саудасына қарсы күрес жөніндегі республикалық «11616» қызу желісі және «150» балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны жұмыс жасайтындығын хабарлайды.

**АДАМ САУДАСЫ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН:**

- өз қиғаттарыңызды ешкімге бермеңіз;
- күнделікті адамдарға және олардың жұмыс орналасуы туралы ұсыныстарына сенбеңіз;
- жұмыс беруші туралы мүмкіндігінше зорікер білім алыңыз және олардың құқықтарын біліңіз;
- басқа адамға немесе елге шыққан кезде жаңадан қалған орналасқан жеріңіз және сіз баратын адамдардың ұйымдарының координаттарын туралы ақпаратты қадағалаңыз.

ЕГЕР ҚУАДІТІ БІРДЕНЕ БАЙҚАСАҢЫЗ, 102 ТЕЛЕФОНЫНА НЕМЕСЕ 11616 ШЫҒЫЛ ЖЕЛІСІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)71-16-51 сенім телефоны жұмыс істейтін хабарлайды.

\*\*\*

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)71-16-51.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БІРГЕ КҮРЕСЕЙІК

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы ауылдық жемқорлықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Біз қазір жанаша өмір сүріп жатырмыз. Жана қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу – олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келесі құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келесі құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Еліміздің өркенінің дамытықсы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз.

**САРСЕНБАЕВ Даулет Абасвич**  
Бесарық ауылдық округі әкімі

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - БІЗДІҢ ОРТАҚ ПАРЫЗЫМЫЗ!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі. Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мәдениет ауылы әкімінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шара жоспары бекітіліп, ауылдық округ аумағында орналасқан мекеме басшыларымен бірлесіп сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Мәдениет ауылы әкімінің 2024 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі іс-шара жоспарына сәйкес біраз жұмыстар атқарылды.

29 сәуір 2024 жылы Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының фейсбук әлеуметтік парақшасына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес біздің ортақ парызымыз тақырыбында мақаласы шықты. 23 мамыр 2024 жылы Мәдениет ауылдық округіне қарасты №8 Баласаубекбай-бақша қызметкерлерінің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағытында дөңгелек үстел өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды. Қалдан батыр көшесі бойына Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында билбордтар орналастырылған.

Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратында 2024 жылғы 22 сәуірдегі №47 өкімімен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысы топ құрылып, жұмысы топ мүшелері 2024 жылдың мамыр айында талдамалық анықтамасы жасалып, талдамалық анықтамасын аудан әкімінің ресми сайтына орналастырды. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімді қосып, оған тосқауыл болу басты міндетім деп санаймын.

**Қорғанбек Төлеген ҚОРҒАНБЕКҮЛЫ**  
Мәдениет ауылдық округінің әкімі

## МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, Сот Әкімшілігінің Кызылорда облысы бойынша Департаментінің әдеп жөніндегі уәкілінің ұйымдастыруымен саябақ аумағында мерекелік шара өткізілді.

Оған Департамент басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкілі М.Асанова, бөлім басшылары, қалалық соттардың әкімшілерінің басшылары мен мамандары, сот қызметкерлерінің балалары қатысты.

Негізгі мақсат отбасы құндылықтарын насихаттау, әріптестік қарым-қатынасты нығайту, балаларға нан құралған 3 команда қатысты. Командалар бірінші турда қаппен секіруден жарысса, екінші турда кедергілерден жүгіріп өтуден сығна түсті.

Сайыстың қорытындысы бойынша «Балапан» командасы «Жылдамдық» номинациясымен, «Қыран» командасы «Шеберлік» номинациясымен, «Шаттық» командасы «Ұйымшыл» номинациясымен марапатталды. Командаларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар, мерекелік шараға аниматорлар арнайы келіп, балалармен түрлі көңілді ойындар ойнап, мерекелік көңіл күй сыйлады. Шара соңында балаларға сыйлықтар мен балмұздақтар таратылды. Осылайша, мереке күнінде бүлдіршіндер ерекше көңіл күйге бөленіп, сот қызметкерлері шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі.**



мерекелік көңіл күй сыйлау болып табылады. Шара барысында әдеп жөніндегі уәкілі М.Асанова сот қызметкерлерінің балаларын бүгінгі мерекемен құттықтап, игі тілегін білдірді.

Мерекелік шара аясында отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Оған сот қызметкерлері мен балалары-

## «СУ АЙДЫНДАРЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАЙЫҚ»

Су – тіршілік көзі, ол болмаса адамзаттың өмір сүруі мүмкін емес. Сонымен қатар ата – бабаларымыздың от пен су – тілсіз жау деген ескертулерін есімізден шығармауымыз керек. Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аумақтық бөлімдерімен жергілікті жерлерде судағы қауіпсіздікті сақтау, арнайы суға түсуге белгіленбеген орындарда суға түспеу, ата-аналардың жаз маусымында балаларын қадағалаусыз қалдырмау жөніндегі жүргізіліп жатқан ескерте, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқанымен облыс, республика бойынша жыл сайынғы көрсеткіштерге қарасақ адамдардың жазғы суға түсу маусымында қаза болу оқиғалары азаяр емес.

Бұл азаматтардың қайғылы оқиғаға ұшырауының басты себебі тыйым салынған және қауіпті жерлерде суға шомылған. Суға шомылу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтамаған. Ата – аналар балаларға абай болулары керек. Балалардың қай жерде не істеп жүргенін ардайым бақылауда ұстау керек. Қазіргі таңда көптеген көл – тоғандар шаруа қожалықтарға ұзақ мерзімге жалға берілген. Осы шаруа қожалықтардың төрағалары өздеріне бекітілген су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтап, қауіп – қатерлердің алдын алулары шарт.

Егерде суға шомылуға барсаңыздар төмендегі қауіпсіздік ережелерін есте ұстаныңыздар:

- суға ауаның температурасы 25, судың температурасы 20 градус болғанда ғана шомыл;
- тек арнайы жағажайларда ғана шомыл;
- суға жайлап түс, таяздау жерге барғанда тоқтап, басыңды суға сүңгітіп ал;
- судан әлсін – әлсін шығып демал;
- қалтырап тоңғанша суда жүріп алма;
- қол – аяқ тырысқанда үрейленбей, су бетінде болуға тырыс, айқайлап көмек сұра;
- судың қатты ағынына тап болғанда, ағынға қарсы жүзбей, ағыс бойынша малып жағаға қарай жүзуге тырыс;
- су іріміне тап болғанда, саспай ауаны ішке көбірек жұтып алып, суға сүңгі де ағын бағытына қарай қатты секіріп, судың бетіне шық;
- арақ – шарап ішіп, суға түсуге қатан тыйым салындай;
- егер шаршасаң дереу судан шық;
- бейтаныс жерден суға секірме;
- терлеп тұрғанда және қараңғы уақытта суға шомылуға болмайды;
- суға шомылғанда автокамераны, допты, тактайларды пайдалануға болмайды.

**Д. СЕЙПЛОВ**  
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының офицері, аға лейтенант

<b>МЕНШІК ИЕСІ:</b> «Желтоқсан и К» ЖШС	<b>Редакцияның мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	<b>ТАРАЛЫМЫ:</b> 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. <b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байұрсынов көшесі, №49 <b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы <b>Тапсырыс</b>	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
<b>Бас редактор</b> Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	<b>Телефон:</b> 23-16-08 23-16-11			
<b>Бас редактордың орынбасары</b> Айдана ӘЛИАРЫСТАН				



## Қызылорда қаласының әкімі С.ҚОЖАНИЯЗОВ: ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Әкім бол, халқыңа жақын бол. Мемлекет басшысының әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы Жарлығы осыған саяды. Бүгінде қала әкімі Серік Қожаниязов тұрғындардың әрбір мұқтажына құлақ түріп, жергілікті жердегі мәселелерге төрелікпен мән беріп кірісіп кетті.

### АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР АЙТТЫ?

Өткен аптада шаһар басшысы Серік Қожаниязов Ақжарма, Ақсуат, Қызылжарма ауылдық округінде болып, ондағы тұрғындардың талап-тілегін тыңдады.

Бүгінде ауылдардың ажары айшықтала бастады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкіметтің тікелей қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен қалаға қарасты елді-мекендерде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытында ауқымды жобалар сәтті жүзеге асуда. Айтар болсақ жуырда ғана, Баймұрат батыр ауылында «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасымен құны 422,5

өрісі кеңейді. Жұмыссыздық азайып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған әлеуметтік нысандар бой көтерді. Округтің биылғы бюджеті 322,7 млн. теңгемден бөлініп, бүгінгі күні ол 768,4 млн. теңгеге жетті. Жыл басынан бері 2 көшеге жарық бағаналары орнатылды. Алдағы күндері құны 1,3 млрд. теңгеге 6 көше қайта жаңғыртылып, 3 көше күрделі жөндеуден өтеді. Елді-мекеннің жаңа қоныс аумақтарындағы 32 көшеге электр желілері тартылады. Сонымен қатар Қызылжарма ауылдық округінің инфрақұрылымын дамытуға мемлекет тарапынан 601,3 млн. теңге бөлініп



млн. теңгеге салынған дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді.

Амбулаторияда 9 қызметкер, яғни, 1 дәрігер, 5 орта буын және 1 кіші буын медициналық қызметкер, 2 техникалық қызметкер жұмыс істейді.

Ақжарма ауылдық округіне табиғи газ тарту үшін жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, сараптамаға ұсынылды. Қазір 19 көшеге қиыршық тас төсеу, жұмыстары басталды. Ал, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен Талдыарал елді мекеніндегі көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылды.

Алдағы уақытта 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салу, жарық бағаналарын орнату, арық жүйелерін жүргізу және Талдыарал елді-мекеніне су тарту станциясының құрылысын жүргізу жоспарланады.

Ал Ақсуат ауылдық округіне көгілдір отын келгелі кәсіпкерліктің

отыр. Бұл - үлкен қолдау. Бүгінде ауылдың 4 көшесі күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілсе, тағы бір көше күрделі жөндеуде. Енді «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 2 көшеге тас төселеді. Жақын күндері 3 көшеге түнгі жарық орнатылады. Мұнан бөлек 22 көшенің электр желісін жүргізу жұмыстары қолға алынады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы мектептің біреуі осы ауылдан бой көтеруде. Салынып жатқан 600 орындық білім ұясының құны 4 млрд. 600 млн. теңгені құрайды.

Кездесулерде қала әкімі Серік Қожаниязов қалаға қарасты елді-мекендерге мемлекет тарапынан жасалатын қолдаудың жалғаса беретіндігін, айтылған әрбір ұсыныстың ескерусіз қалмайтындығын жеткізді.

## БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР КҮНІ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай қалалық мәдени және демалыс паркінде ғажайыпқа толы мерекелік шара өтті. Тақырыпқа сәйкес безендірілген парк аумағы тұтастай мерекелік көңіл-күйді білдіріп тұрды. Шараға арнайы қатысқан шаһар басшысы Серік Қожаниязов кіреберіс қақпадан бастап жолдың екі бетіне жағалай орналасқан жас суретшілер мен колонер бұйымдары көрмесімен, робототехниктердің жобаларымен, балалар кітаптарымен әдіптелген кітап көрмесімен танысты. Сондай-ақ, түрлі спорт түрлерінен өтіп жатқан сайыстарды тамашалады.

Негізгі сахнадағы шара А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сыр сандуғаштары» вокалды тобының мерекелік әнімен басталып, 100-ден астам бүлдіршін көңілді әнді бимен көркемдеді. Сөз алған қала әкімі Серік Салауатулы балаларды жаздың алғашқы күнімен тұспа-тұс келген шуақты мерекемен құттықтады.



Қазіргі таңдағы баршамыздың алдымызда тұрған зор міндет – ұрпаққа сапалы, әрі заман талабына сай білім беріп, салауатты өмір салттың үстануға жағдай жасау. Сондықтан да қаламызда балалардың жан-жақты білім алып, шығармашылықтарын шыңдауға бағытталған жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Шаһарымызда бой көтеріп жатқан Оқушылар сарайы, Шығармашылық академиясы, физика-математика мектеп-интернаты, Музыкалық колледж, ішінде бөкс, күрес, ауыр атлетика, футбол, йога, жаттығу залдары бар 10 мың орындық жаңа стадион, үстел теннисі орталығы және жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыстары балаларымыз үшін ерекше сый болмақ-деген шаһар басшысы Серік Қожаниязов балаларға жарқын болашақ тілейтінін жеткізді.

Мерекелік шара ары қарай жыл көлемінде түрлі бағыт бойынша үздік атанып жүрген өнерлі, спортшы, білімді оқушыларды марапаттау рәсіміне жалғасты. Айта кетейік, қаламыздың балғын балалары үшін жасалып жатқан игілікті істердің ауқымы кен. Бүгінде ел Президентінің тікелей қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қарқынды жүргізілуде. Биыл жоба аясында 5, келер жылы тағы 3 мектеп пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, қала мектептері жанынан балалардың жазғы демалыстарын тиімді өткізуге арналған жазғы тынығу лагерлері жұмыс жасауда. Олардың ішінде этно-лагер, археологиялық лагер, спорттық лагерлер бар. Мұнан бөлек, балалар Түркістан облысындағы «Қуаныш», Жанакорған ауданындағы «Талды су» тынығу лагеріне демалысқа жіберіледі.

## ЖИЫРМА БІРІНШІ СЕССИЯДА НЕ АЙТЫЛДЫ?

Өткен аптаның жұмасы күні қалалық мәслихаттың кезектен тыс 21-сессиясы өтті. Сессия жұмысына қала әкімі С.Қожаниязов қатысты. Сессия отырысына қалалық мәслихат төрағасы, депутат Ибадулла Құттықажоев төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібіне «2024-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін бекіту туралы», Қызылорда қалалық мәслихатының шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «2023 жылға арналған Қызылорда қаласының, кент және ауылдық округтердің бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі есептерді бекіту туралы» және «Қызылорда қалалық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» мәселелері шығарылды.



Аталған бірінші мәселеге байланысты қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндама жасады.

Қала бюджетінің көлемі жылдан жылға өсіп келеді, бұл қаламыздың әлеуметтік-экономикалық жағынан дамып келе жатқандығын білдіреді. Атап айтсақ 2023 жылдың қорытындысымен қала бюджетінің көлемі 95 млрд. 161,4 млн. теңгені құрап өткен 2022 жылдың кезеңімен салыстырғанда 21 млрд. 626,1 млн. теңгеге немесе 29,4 пайызға ұлғайған. 2023 жылдың қорытындысымен Қызылорда қаласы бюджетінің кірістер болжамы 94 млрд. 301,0 млн. теңгені құраса, нақты түскені 100 млрд. 897,3 млн. теңге немесе 107,0 пайызға артығымен орындалды. Қалалық бюджеттен бөлінген 35 млрд. 514,0 млн. теңге 98,7 пайызға немесе 33 млрд. 066,8 млн. теңгеге орындалды, игерілмеген қаржы 447,3 млн. теңге. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша ірі көлемде игерілмеген қаржылардың 53,1 пайызы немесе 765,5 млн. теңгесі қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар келігі және автомобиль жолдары бөліміне, 43,5 пайызы немесе 628,5 млн. теңгесі қалалық құрылыс бөліміне, 3,1 пайызы немесе 44,7 млн. теңгесі кент және ауылдық округтерге тиесілі, қалған 4,2 млн. теңге өзге бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен игерілмеген қаржылар. Кент және ауылдық округ бюджеттерінің 2023 жылға бюджет түсімдерінің болжамы 4 млрд. 463, млн. теңге, нақты түскені 4 млрд. 491,9 млн. теңге немесе 100,6 пайызға артығымен орындалды. Жоғарғы бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен субвенция 100 пайыз түскен, -деді бөлім басшысы.

Мұнан соң Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Сәкен Мырзабек, қалалық мәслихат аппаратының заңгері М.Мұхтаров хабарлама жасады.

Қызылорда облысы аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 6 мамырдағы №71/62 қаулысымен Боданов Ерлан Тенізбайұлы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының

мүшелігінен босатылды. Қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 13 мамырдағы ұсынысының негізінде, қалалық мәслихат аппаратымен қалалық аумақтық сайлау комиссиясында қалыптасқан бос орынға саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардан ұсыныстар қабылданатыны туралы хабарлама қалалық мәслихаттың ресми сайтында жарияланды. Нәтижесімен, аталған бос орынға «Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалынан Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы Садуақасова Жанат Мылтықбайқызы ұсынылды. Ұсынылған кандидаттың құжаттары Сайлау туралы Конституциялық Заңның талаптарына сәйкес келеді. Осыған орай, «Қызылорда қаласы бойынша қалалық аумақтық және учаскелік

сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №112-13/1 шешіміне өзгерістер енгізіп, қалалық аумақтық сайлау комиссияларының құрамына «Respublica» партиясы» қоғамдық бірлестігінен ұсынылған Садуақасова Жанат Мылтықбайқызы сайлау ұсынылады, -деді мәслихат аппаратының заңгері.

Сессия барысында бекітілген бюджет жобаларына сәйкес, «Қожа Ахмет Яссауи көшесі бойынша қалалық және аумақтық жобаларына, Эдельвейс, Орбита саяжайларындағы тұрғындарды толықтай ауыз сумен қамтамасыз ету үшін саяжайларға су ұңғымалары құрылысының жоба сметалық құжаттамасын әзірлеуге, Ж.Махамбетов ауылы, Наурыз елді-мекені және Абай, Досан ауылдарындағы газ тарту құбырларының құрылысына қызмет көрсету жұмыстарына және басқа да жобаларға қаржылар бағытталды.

Отырыс барысында депутаттар қала аумағында 4 жаяу жүргінші көпірлеріне бейне бақылау камераларын орнату, Байтерек мөлтек ауданындағы тұрғындардың саны артуына байланысты инфрақұрылымын (газ, су, жол, жарықтандыру) дамытуға, газдандыру, халық игілігіне берілген спорт-ойын алаңдарын ірі кәсіп-орындар мен мекемелердің теңгеріміне беру, қала бойынша аяқ су, түнгі жарықтандыру және иесіз жүрген иттер мәселелерін көтерді.

Сессияға қатысқан қала әкімі Серік Салауатулы қала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, депутаттар көтерген мәселелерге назар аударатындығын жеткізді.

Сессия қарауына шығарылған барлық мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессияға қалалық мәслихат депутаттары, қала әкімінің орынбасарлары, аппарат басшысы, қалалық дербес бөлімдер мен тиісті мекеме басшылары, кент және ауылдық округтердің әкімдері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

## ДОСАНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕКЕТ АШЫЛДЫ

Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Досан ауылында медициналық бекет салтанатты түрде ашылды. Шаһар басшысы Серік Қожаниязов ауыл тұрғындарын жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтап, денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

